


# МҰРАТБАЕВ NEWS



**Жасанды  
интеллект:  
Бүгіннің  
мүмкіндіктері мен  
болашақтың  
перспективалары.**

## ● РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АУЫЛ ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ІІІ ОБЛЫСТЫҚ КЕЗЕҢІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша өткізілді.

Кочкумбаева Жулдыз - ІІІ орын

Мирзабай Айгерим - ІІІ орын

Махмудова Сибельжан - І орын

Адинова Памбук - ІІ орын

Тұрар Аяулым - Алғыс хат

Абылай Балауса - ІІ орын

Сайин Раяна - ІІІ орын

Рашид Алина - ІІІ орын

## ЖАЛПЫ АТА- АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ



## ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР КОНКУРСЫ

2024 жылдың 22 қараша күні Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен Шерхан Мұртаза атындағы мектеп-гимназиясының базасында 9-11 сынып оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңі өтті.

Конкурсқа 2 оқушы қатысып жүлделі орындарға ие болды

Бахыт Адина - III орын иеленді

Сағындық Мерей - Грамота

Жеңімпаз оқушыларды жүлделі орындарымен құттықтаймыз!



# БРЕЙН-РИНГ ОЙЫНЫ

2024 жылдың 15 қараша күні 8 сынып оқушыларының арасында «Химия және денсаулық» тақырыбында Брейн-ринг ойыны өткізілді. Мұндағы мақсат оқушылардағы ғылыми көзқарастарды қалыптастыру, тіл байлығын, ой ұшқырлығын, ізденімпаздық, шығармашылық қабілетін, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамыту, ізденуге, алғырлыққа, тапқырлыққа баулу, топпен жағдаяттан шығуға тәрбиелеу.

Ойын барысы 4 кезеңнен құралды. Әр кезең ұпай санымен есептелінді. «Химия және денсаулық» кезеңі ЖИ (жасанды интеллект «**socrative.com**») арқылы тапсырмалар құралып, ұпай саны есептелінді. Жеңімпаз топтар арнайы сыйлықтармен және дипломмен марапатталды.







# ЖАЛПЫ АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ

Гимназия оқушыларының желідегі қозғалысына, парақшаларына талдау жүргізе отырып, көңіл-күйіне назар салу және отбасының тұрақтылығына бақылау жасау туралы» ата-аналар жиналысы өткізілді. Күн тәртібінде:

1. Білім алушылардың әлеуметтік желіні қолдануына және парақшаларына талдау жүргізу, психологиясына диагностика жүргізу бойынша

- баланың бойындағы қорқыныш-үрей немесе көңілсіздік пен проблемалық мазасыздықты анықтау (анықтау тәсілдерін көрсету);

- бала тәрбиесі мен оның еркіндігіне бақылау жасаудағы ата-ананың рөлі (бақылау критерийлерін атап өту);

- бала мен ата-ана арасындағы дұрыс қарым-қатынасты орнату туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу.

2. Мектеп оқушылары арасында орын алып отырған келеңсіз оқиғалар мен құқық бұзушылық фактілер туралы.



# ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: БҮГІННІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН БОЛАШАҚТЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ.

Эксперимент алаңының жоспарына сәйкес "Жасанды интеллект мүмкіндіктері" атты оқу семинары өтті!

Бұл семинарда ұстаздар жасанды интеллект технологияларының білім беру саласына әкелетін жаңалықтарымен танысты. Семинар барысында талқыланған негізгі тақырыптар:

- Жасанды интеллекттің білім берудегі рөлі
- Күнделікті өмірге AI құралдарын пайдалану
- Болашақта жасанды интеллектті қолдану арқылы қандай жетістіктерге жетуге болады.

Қатысушылар AI мүмкіндіктері мен оның болашақ дамуына тереңірек үңіліп, жаңа технологияларды оқу процесіне қалай тиімді енгізуге болатыны туралы пікір алмасты. Бұл семинар біздің эксперимент алаңының бір бөлігі ретінде оқушыларға жаңа технологияларды меңгеруге шабыт беріп, білім беру үрдісін жақсартудың жаңа жолдарын көрсетті!





# МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ САЛТАНАТТЫ АНТ ҚАБЫЛДАУ РӘСІМІ

2024 жылдың 6 қараша күні Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының саптық жиынында мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару ұйымының президентін ұлықтау рәсімі өтті.

Мектеп президентінің сайлауы 2024 жылдың 15 қазан айында белгіленген ережелерге сәйкес ашық және жасырын дауыс беру негізінде өтті. Есеп комиссиясының шешімі бойынша ең көп дауыс санын жинаған 10 сынып оқушысы Садық Асылай 2024 – 2025 оқу жылының мектеп президенті болып сайланды.

Жаңа президент Асылайды қызметке тағайындалуымен құттықтап, оған толағай табыстар тілейміз. Өз кезегінде, Асылай оқушылар мен ұстаздар алдында салтанатты ант қабылдады және мектептің өзіне деген жоғары сеніміне алғысын білдіргі.



## «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» РУБРИКАСЫ

Өзінше еркелегені ғой. Тым назданып кеткен ғой. Тәлпіш геуге келмейді. Назды. Адам байғұс қол жетпеске құмар. Құмар да емес, құштар. Қол жетпеске құштарлықты Құдайдың өзі де қаламайды ғой. Анау Икар деген бір тауфихсыз Күннің өзіне жетемін деп, аспанға ұшып, Күнге жақындай бергенде күйіп кеткен жоқ па? Аспанға ұшсаң — ұш. Бірақ Күнге жақындап нең бар? Адамға нысап керек. Нысапсыз болсаң, налаға қаласың. Құдай нысапсызды қаламайды.

Керік қызғалдағы тұрғанда еңлік гүлін аңсаймын деп, Хадиша енді қаншама қасірет шекті. А, бәлкім, Хадиша еңлік гүлін мүлде аңсамаған да шығар. Бақыттан басы айналғанда айта салған әзілі шығар.

Бақыттан басы айналған да жаман. Бақыттың өзін аялап, баға білмесең, бақыт басыңнан ұшып кетуі оп-оңай. Соны соңынан түсінген Хадиша қазір сықырлауық темір төсектен аяғын салбыратып отырып.



Ш.Мұртаза

«Соғыстың соңғы жесірі»